

# Отырар аудандық орталық кітапхана

Анықтамалық және ақпараттық  
қызмет көрсету



## *Ұлы ұстаз Әбу Нәсір әл - Фарабидің даналық сөздері мен өлеңдері*

*/ұсыныс - кітапша/*

Шәуілдір, 2019

**«Ұлы ұстаз Әбу Нәсір әл - Фарабидің даналық сөздері мен өлеңдері» [ұсыныс - кітапша] Отырар аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесі; құрастырған: Р.Мақтабекова, редактор: Р.Пернебаева, жауапты: А.Рыскелді. – Шәуілдір.**


## **АЛҒЫ СӨЗ**

Құрметті оқырман, назарларыңызға ұсынылып отырған «Ұлы ұстаз Әбу – Насыр әл - Фарабидің даналық сөздері» атты бұл кітапша дүниежүзілік мәдениет пен білімнің Аристотельден кейінгі « екінші ұстаз » атанған данышпан, философ, энциклопедист ғалым, әдебиетші, ақын Әбу Насыр әл – Фарабидің қанатты сөздеріне арналған.

Кітапшада бабамыздың асыл сөздері бөлімдерге жіктеліп, топтастырылды.

Ұсынылып отырған бұл кітапша ғылыми қызметкерлерге, ұстаздар мен студенттерге, көпшілік оқырман қауымға арналған.

*Құрастырушыдан*



## Ұлы ойшылдың қысқаша өмірбаяны

Әбу Насыр әл – Фараби – дүниежүзілік мәдениет пен білімнің Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз» және «Шығыстың Аристотелі» атанған данышпан, философ, энциклопедист – ғалым, әдебиетші, ақын.

Толық есімі - Әбу Насыр Мухамед ибн Мухамед Узлағ ибн Тархан.Негізі – түрік.Әкесі қолбасшы.Әл – Фараби Фараб жерінде туылған.Сол уақыттағы ғұламалар мен ойшылдардың салтына сәйкес ол кісі әл – Фараби деп танылып кеткен.

Әл – Фараби асыл текті нәсілден,өте бай және ауқатты жанұядан шықты.Әділдік, кішіпейілділік,алғырлық, аманатқа қиянат жасамайтын қасиеттерімен елге танымал болып,қазилық қызметін атқарады.

Әл – Фарабидің өмірін екі кезеңге бөлсек болады.Біріншісі – 50 жасқа дейінгі өмірі,екіншісі – кәміл адам болып, ақыл ойы даналық пен парасатқа толған кезеңі. Ол кісі жаңалыққа, білімге, көзге көрінбейтін ғайыпты зерттеп білуге құштар еді.Білім мен мәдениеттің ордасы болған Бағдатқа 30 жасар жігіттің білім іздеп кетуіне де негізгі себеп осы еді.Бұл жерде әл – Фараби философия және өзге де ғылымдардың шыңына жеткен ұлы ұстаз даналардан 20 жылдай ғылым оқып үйренді.

Кейін мәдениет және өркениет орталықтары болған Халабқа, Дамаскіге білім іздеп сапар шекті.

Кейбір ғалымдардың айтуына қарағанда, Әбу Насыр әл – Фараби 949 жылы Мысырға сапарлап барған, кейін Дамаскіге қайтып келіп, осы жерде яғни, 950 жылы қыркүйек айында дүние салған.

# Әбу Нәсір әл – Фарабидің даналық сөздері

## 1.Адам болам десеңіз....

«Адамның өз ожданы алдында адал, шыншыл болуы - адал, өзіне - өзі қасиетті болуынан, жүріс-тұрысы ізгі болуынан ғана туады».

\* \* \*

«Адамға бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы».

\* \* \*

«Бақыт- өз басың үшін көксейтін игілік...  
Бақытқа жеткізетін еркін әрекет – тамаша әрекет».

\* \* \*

«Мемлекет өз тіршілігін қайырымдылық бастамасына негіздесе жақсылықты,ізгілікті болады.Адам басқа адамдармен қарым-қатынасыз жеке бір өзі игіліктерге жете алмайды».

\* \* \*

«Барлық жағдайда да адамға шыдамдылық пен сабырлық керек».

\* \* \*

«Өзіңді танығың келсе әуелі һақты таны».

\* \* \*

«Шындығы бар жерді мекен ет».

\* \* \*

«Бақыт - әрбір адам ұмтылатын мақсат».

\* \* \*

«Қалалар мен халықтарда зұлымдық жойылғанда ғана бақыт орнайды».

\* \* \*

«Ғақли көзбен қарасаң,  
Дүние ғажап, сан есім.  
Жақли көзбен қарасаң,  
Дүние қоқыс, сен мешін».

\* \* \*

«Бақыттың мәні-парасаттылықта, әркімнің өз алдына игілікті мақсат қоя білуінде... адамның өз мінез-құлқын, іс-әрекетін ерікті түрде өзгертіп, игілікке бағыттап отыруында».

\* \* \*

«...адамға тамаша әрекет жасауға да, оңбаған әрекет жасауға да әуел бастан мүмкін қабілет бар».

\* \* \*

«Ақыл - парасат күші – адамның ойлауына, пайымдауына, ғылым мен өнерді ұғынуына және жақсы қылық пен жаман қылықты айыруына көмектесетін күш».

\* \* \*

«Бейқамның және бейқамсыған адамның сыбағасы бір, өйткені бейқамдық адамды сәтсіздікке бастайтыны сияқты бейқам адамды өтірік бейқамдығы сәтсіздікке бастайды»

\* \* \*

«Жүргендер көп достық атын малданып,  
Алайда тек қалма оған алданып».

## **2. Кітап. Білім. Ғылым.**

«Ғылымды үйренем деген адамның ақыл – ойы айқын, ерік – жігері, тілек – мақсаты ақиқат пен әділдік үшін талап жолында

болуы шарт. Жай ләззат іздеу, кәсіпқұмарлыққа ұқсас әрекет онда болмасқа керек».

\* \* \*

«Қандай ғылым болса да, ол – адам санасына дербес, ерекше мәндерді ұғыну арқылы ұялайды».

\* \* \*

«Данышпан кемеңгердің байлығы көрінбейді, бірақ таусылмас көлдей екенін ұмытпа! ».

\* \* \*

«Білім жолына түскен жан күнделікті күйбең тіршілікті ойламауы қажет».

\* \* \*

«Музыканың негізгі мақсаты адамның эстетикалық қажетін қанағаттандыру. Бұл поэзияға да ортақ қасиет, өйткені тіл мен музыка тілі бір – біріне етене қатысқан кезде музыканың әсерлігі арта түседі. Адамзатқа тән ерекше бір жақсы қасиет - өзін қоршаған дүниенің әсемдік сырларына үңілу, содан рухани нәр алу, өзінің нәзік сезімін образдар арқылы паш ету».

\* \* \*

«Музыка біздің шаршағанымызды басып, оны бір сәтте ұмыттырып, ауыр бейнетке төтеп берерлік төзімділікті оятады».

\* \* \*

«...Музыканың үш түрі бар... Біріншісі, жай ғана рахат сезімін туғызады, екіншісі құмарлықты, ынтықтықты білдіреді, үшіншісі біздің қиялымызға бағытталады ... Жағымды сезім оятатын

музыка демалыс үшін қолданылады, ол бізді жақсы тынықтырады».

\* \* \*

«Музыкалық өнер мелодиялары (әуендерді), сондай – ақ оларды барынша тартымдырақ және кемелірек ететін нәрселермен шұғылданатын өнер».

\* \* \*

«Практикалық музыка өнерінің әртүрлі бөліктерін оқудың, үйренудің арқасында ұғынуға болады».

\* \* \*

«Өлең өнері – сөзбен, ал живопись (жанды жазу) өнері бояумен құлпырады».

\* \* \*

«Музыканың жұмыс салдарынан пайда болған шаршағандықты ұмыттырып, өзіне баурап әкететін қасиеті болады. Ол – бізге осы жұмыстың зардабына шыдауға, төзуге көмек етеді».

«...музыканы рухымызға, құмарлығымыз бен ынтықтығымызға, көңіл күйімізге қатысты қарастыруымыз керек».

\* \* \*

«Ой көрігінен сомдалып шыққан сөздің шынайысы да, жалғаны да болады».

\* \* \*

«Ән және оған қатысты нәрселер сезіммен, қиялмен және санамен бірдей байланысты болады».

### 3. Ұстаздық еткен жалықпас

«Ұстаз ескерер тағы бір жайт, бұл шәкірттің мінез-кұлқындағы жағымсыз мінезді, ұнамсыз қылықты болдыртпау, онда жақсы сипаттардың қалыптасуына мүмкіндік беру».

\* \* \*

«Ұстаз...жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, бұлардың ешнәрсені ұмытпайтын...алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі..., мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ..., жұрттың бәріне...жақсылық пен ізгілік көрсетіп...қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек»

\* \* \*

«Ұстаздық мінез-құлық нормасы мынадай болуға тиіс: ол тым қатал да болмауға тиіс, тым ырыққа да жығыла бермеу керек, өйткені тым қаталдық шәкіртті өзінің ұстазына қарсы қояды, ал тым ырыққа көне беру ұстаздық қадірін кетіреді, оның берген сабағы мен оның ғылымына шәкірті селқос қарайтын болады. Ұстаз тарапынан барынша ынталылық пен табандылық қажет.

Өйткені бұлар, жұрт айтқандай, тамшысымен тас тесетін бейне бір су тәрізді»

\* \* \*

«Білімді болу деген сөздің мағынасы – белгісіз нәрсені ашуға қабілетті болу деген ұғым».

\* \* \*

«Шын білім... әрдайым ақиқат, анық болатын білім».

\* \* \*

«Қандай ғылым болса да, ол – адам санасына дербес, ерекше мәндерді ұғыну арқылы ұялайды».

\* \* \*

«Ғылымды үйренем деген адамның ақыл – ойы айқын, ерік – жігері, тілек – мақсаты ақиқат пен әділдік үшін талап жолында болуы шарт. Жай ләззат іздеу, кәсіпқұмарлыққа ұқсас әрекет онда болмасқа керек».

#### 4. Кісілік қасиеттер

«Жақсы мінез – құлық пен ақыл күші болып, екеуі біріккенде – бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады».

\* \* \*

«Адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінез – құлыққа байланысты».

\* \* \*

« ...адам кез-келген жұмысқа жарамды бола бермейді. Жұмысты неғұрлым жетік және жақсы атқарса, білгір және шебер болып шығады. Қандай әрекет, қандай іс істесек те, содан рахат табу, соның рахатын көру біздің мақсатымыз болып табылады».

\* \* \*

« Адамның өз ожданы алдында адал, шыншыл болуы - адал, өзіне - өзі қасиетті болуынан, жүріс-тұрысы ізгі болуынан ғана туады».

\* \* \*

«Жаман мінез – құлық, рухани кесел. Бұл кеселді жою үшін тән кеселін емдеуде қолданылатын дәрігердің тәжірибесіне еліктеуіміз керек».

\* \* \*

«Басқа адамдардың айтқан пікірін иемденіп кету – надандық болар еді, мұның өзі ниеті арам адамға лайық қылық болар еді».

## **5. Әуелгі байлық - денсаулық**

«...адам денесінің жетілуі-оның денсаулығы;егер денің сау болса, онда оны сақтамақ керек, ал егер сау болмаса, онда денді сауықтыру керек».

\* \* \*

«Егер тән ауырса көңілдің күрт түсуі - табиғи құбылыс. Сондықтан алдымен сазды әуеннің әсерімен көңілді сергітеді.Оның арқасында дене біртіндеп сауыға бастайды».

\* \* \*

## **6. Еңбек – бәрін де жеңбек**

«Шындықтың исі аңқыған өсиетке адал еңбегіңді қоссаң жемісі мол ілім туады.Шыңырау саяз болар,соқырға сәуле түсер, надан кемиді.Ғылымның жолына түсіп, құлшылық істесең құл болмайсың. Данышпан кемеңгердің байлығы көрінбейді,бірақ таусылмас көлдей екенін ұмытпа! ».

\* \* \*

«Әрекетіміз дұрыс болу үшін біздің соған баратын жолымыз қандай болу керек екенін анықтап алуға тиіспіз».

\* \* \*

«Тиісінше еңбек ету денеге күш береді,ал шектен тыс артық,немесе жеткіліксіз еңбек күшті қайтарады,немесе әлсізді әлсіз халінде қалдырады».

\* \* \*

«Өрге жүзген өнегелі ісімен,  
Таңда адал дос өз теңіңнің ішінен».

\* \* \*

«...ізгі және қажетті жұмыс істеген адам...  
басқа адамнан жоғары тұруы керек».

\* \* \*

«Бақытқа жеткізетін еркін әрекет – тамаша әрекет».

\* \* \*

«Өз ісінде табысқа жету – жаратқан иемнің кірпігінде,  
бұған лайықты жаралғанның ғана жолы болады».

\* \* \*

«Адамның өз ожданы алдында адал, шыншыл болуы -  
адал, өзіне - өзі қасиетті болуынан, жүріс-тұрысы ізгі  
болуынан ғана туады».

\* \* \*

«Егер адам өз бойында жоқ нәрселерді өзіне жатқыза беретін  
болса, онда ол адамда көлгірсушілік пайда болады».

\* \* \*

## **Фараби туралы ақиқат пен аңыз**

Ахмет Ибн Халикон /1211 – 1282/ шежіресінде: Шамның Халаб қаласының әміршісі Саиф ад – Даула мәжіліс құрып отырғанда Фараби келеді. Оған «отыр» деп әмір береді. Фараби . «Қай жерге? Сіз отырған жерге ме, әлде өзім тұрған жерге ме?» деп сұрайды. Халифа «өзің қалаған жерге отыр дейді. Фараби

оның қасына келіп отырады. Сонда Халифа ешкім білмейтін гурд тілінде нөкерлеріне «мұны жазалау керек» дейді. Сонда Фараби «О, әміршім! Сәл сабыр ет. Әр істің артын баққан жөн болар» депті.

- Сіз бұл тілді қайдан білесіз? – дейді Халифа.
- - Мен жетпіске жуық тіл білемін – депті ойшыл оның бетіне жымия қарап.

\* \* \*

Бір зиялы адам Әбу Насыр әл – Фарабиден «Сіз көп білесіз бе, әлде Аристотель көп біле ме?» деп сұрайды. Сонда Фараб:  
- Егер мен оның заманында өмір сүрген болсам, шүбәсіз ең ұқыпты шәкірттерінің бірі болар едім, - деп астарлап жауап беріпті».

\* \* \*

Туған жерден шалғайға жүріп, бар өмірін ғылым-білімге сарп еткен әл-Фараби қартайған шағында өз елінің керуен-кіре тартып жүрген адамдарын кездестіріп қатты толқиды. Ел-жұрттың хал-жағдайын тәптіштеп сұрап, көңіл орнықтырған соң, қоштасарда өзінің жан серігі – «қыпшақ» деп аталатын домбырасының бетіне: «Айналайын атам қыпшақ,

Туған жерім сағындым.

Өз атыңа, үрметіңе

Қайда жүрсем табындым!» – деп жазып, туған жері мен еліне сәлемдеме белгі ретінде беріп жіберген екен дейді.

## Әбу Нәсір әл – Фарабидің өлеңдері

**Қашықтасын** туған жер - қалың елім,  
Не бір жүйрік болдырып жарау деген.  
Шаршадым мен.  
Қанатым талды менің,  
Шаңқыт жолға сарылып қарауменен.

Кері оралмай жылдарым жатыр ағып,  
Қасіреттің жасына көз жуынар.

О, жаратқан, көп неткен ақымағың,  
Құм сықылды тез ысып, тез суынар.

Зиялы аз бір тұтам тіршілікте,  
Әкімдікке куллісі жүгіреді.  
Көкірекпен сезініп, күрсініп көп,  
Жаным менің түршігіп, түнереді.

Кайтейін мен көкжиек кеңдігінді.  
Келер күнге үмітпен жол ашамын.  
Қос шөлмекпен өткіздім өмірімді,  
Соны медет етеді болашағым.

Бір шөлмекте көк сия толып турса,  
Екіншіде - шарап бар жайы мәлім.  
Даналықты сиямен толықтырсам,  
Шарабымен шерімнен айығамын.

\*\*\*\*\*

**Тіршілікте құрыштай бол төзімді,**  
Сан мәртебе алдаса да өзінді.  
Тағдырыңды еш уақытта жазғырма  
Тіпті кейде болса да әзәзіл азғырған.  
Өрге жүзген өнегелі ісімен  
Таңда да ал дос, өз теңіңнің ішінен.  
Жүргендер көп достық атын малданып,  
Алайда тек қалма оған алданып.

\*\*\*\*\*

**Тамылжып бал тыныштық айналаманан,**  
Тылсым түнге құшағын жайған далам.  
Мен жатырмын ұйқысыз жапа жалғыз  
Жанымды ой жарығы аймалаған.

Аққан жұлдыз құласа кейде егер,  
Сенің нұрлы бейнең болып кеудеме енер.

Әлде қайда ғайыптан ынтазар ғып,  
Өміріме бір ғажап сәуле берер.

\*\*\*\*\*

**Бауырын қанша сүйгенмен,**  
Өтеді өмір күйбеңмен.  
Шындыққа бас тік алаулап,  
Пенделіктен бол аулақ.

Жататын ләйім жаңғырып,  
Бұл ғұмыр емес мәңгілік.  
Бей-опа мына заманда,

Бақыл боп кетер адам да.  
Жұрт кілең күнін көп қызық,  
Жіберер зая өткізіп.

\*\*\*\*\*

**Қағаздың түсіп бетіне,**  
Сызықтан бейне тартылған.  
Сап болып жігер сарқылған,  
Кездейсоқ өмір өтіне  
Қайыспай тұрса нар тұлғаң.  
Сонда беріп кетеміз молында,  
Армандап аңсап өтеміз,  
Біз ұлы мұрат жолында.

**Жауапты:** Аудандық орталықтандырылған кітапхана  
жүйесінің директоры А.Рыскелді  
**Редакторы:** Кітапхананы дамыту бөлімінің  
меңгерушісі Р.Пернебаева  
**Құрастырған:** Библиограф Р. Мақтабекова

**Мекен жайымыз:**

Н. Оңдасынов көшесі, 2  
Аудандық орталық кітапхана  
Сымтетік: 77-5-78  
Электронды пошта: [Otrar\\_kitap@mail.ru](mailto:Otrar_kitap@mail.ru)